

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2024 жылғы « 19 » наурыздағы
№ 205 қаулысына
3-қосымша

Әлеуметтік көмек көрсетілетін
азаматтарға әлеуметтік көмек беру
мөлшеріне, көздеріне және
түрлеріне
5-қосымша

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарында оқитын жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар қатарындағы білім алушылар мен студенттерді және «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамында білім беру гранты бойынша оқитын студенттерді тамақтандыру нормалары

Атауы	Бір адамға арналған норма (күніне граммен)
1	2
Азық-түлік	
Қара бидай наны	170
Бидай наны	280
Бидай ұны	35
Картоп ұны	3
Жарма, бұршақ, макарон өнімдері	75
Картоп	350
Көкөніс және басқа көкшөп	520
Жаңа піскен жемістер	250
Шырындар	200
Кептірілген жемістер, жаңғақтар	25
Қант	50
Қант мөлшері аз кондитерлік бұйымдар	25
Кофе	4
Какао	2
Шай	2
Ет	170

1	2
Құс	40
Балық, майшабақ	110
Сүт, А, D3, Е дәрумендерімен байытылған сүт	450
Тірі бактериялар бар қышқыл сүт өнімдері	50
Сүзбе	70
Қаймақ	10
Ірімшік	12
Сары май	50
Өсімдік майы	18
Дәмдеуіштер	2
Тұз	5
Ашытқы	1
Жұмыртқа (дана)	1

Ескертпелер:

1) жазғы сауықтыру кезеңінде (90 күнге дейін), жексенбі, мереке күндері және каникул күндері тамақтандыруға жұмсалатын шығыстар нормасы 10 пайызға көбейтіледі;

2) ыстық тамақ болмаған кезде, сондай-ақ бір-екі рет тамақтандырылған кезде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға тамақтың орнына алынған ыстық тамақтың құнымен өтелмеген мөлшерде (сауда үстеме бағасын ескергенде) толық немесе ішінара ақшалай өтемақы төленеді;

3) жоғары білім беру ұйымдарында және «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамында білім беру гранты бойынша білім алатын студенттерді тамақтандыру шығыстары жеке тұлғалардың сомаларын олардың банкте ашылған ағымдағы шоттарына аудару арқылы ақшалай баламада төленеді;

4) жекелеген тамақ өнімдерін ауыстыруды денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітетін өнімдерді ауыстыру кестесіне сәйкес жүргізуге рұқсат етіледі.